

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж.
	Қазақстан-Американдық еркін университетінің Кәсіби шеберлік мектебі туралы Ереже	ССБЖ 3-шығарылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТІЛДІ»
ҚМУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
№ 7 хаттама «19» 03 2025 ж.
 Е. Мамбетқазиев



**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен, 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Кәсіби шеберлік мектебі өз қызметінде білім беру құрылымдарының қызметін реттейтін ҚР нормативтік және құқықтық актілерін, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің қолданыстағы заңнамасын, ҚАЕУ Жарғысын, ҚАЕУ-дің корпоративтік этика кодексін және осы Ережені басшылыққа алады.

1.2. Кәсіби шеберлік мектебі өз мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін ҚАЕУ-дің мүлкін, қаражаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да көздерді пайдаланады.

2. Мақсаттар мен міндеттер

2.1 Кәсіби шеберлік мектебінің негізгі мақсаттары: университеттің жұмыс сапасын арттыруға және білім беру үдерісін жетілдіруге жәрдемдесу, сондай-ақ оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейі мен сапасын көтеру.

2.2. Мақсатқа жету үшін Кәсіби шеберлік мектебі өз алдына келесі міндеттерді қояды:

- мектеп аясында ұйымдастырылатын оқу-әдістемелік семинарлардың жетекшілері ретінде жоғары деңгейлі мамандарды тарту;
- білім беру процесін ұйымдастыру мәселелерін қамтитын әртүрлі тақырыптар бойынша оқу-әдістемелік семинарлар өткізу;
- өткізілген оқу-әдістемелік семинарлардың нәтижелері бойынша аналитикалық қызметті жүзеге асыру;
- ҚАЕУ-дің жекелеген оқытушыларының кәсіби қызметін жетілдіруге арналған түзету және дамыту шаралары;
- ҚАЕУ басшылығымен бірлесе отырып, мектептің негізгі элементтері мен нәтижелерін насихаттау және түсіндіру мақсатында семинарлар ұйымдастыру;
- халықаралық және жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға, ғылыми съездерге қатысу;
- білім беру процесін ұйымдастыру мәселелерін қамтитын мерзімді және басқа да баспа басылымдарын шығаруға қатысу;

– ҚАЕУ-дің Ғылыми кеңесімен, ректоратпен, факультет деканаттарымен, кафедраларымен өзара әрекеттесу.

3. Кәсіби шеберлік мектебінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Өз мақсаттарын іске асыру үшін Кәсіби шеберлік мектебі құқылы:

- өзінің қызметі туралы ақпаратты еркін таратуға;
- баспа қызметін жүзеге асыруға;
- өз құқықтарын, сондай-ақ өз қызметкерлерінің заңды мүдделерін ҚАЕУ әкімшілігінде ұсынуға және қорғауға.

3.2. Кәсіби шеберлік мектебі міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын, ҚАЕУ Жарғысын, ҚАЕУ корпоративтік мәдениет кодексін сақтауға.

4. Кәсіби шеберлік мектебінің құрылымы және жұмыс тәртібі

4.1. Кәсіби шеберлік мектебінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі – академиялық саясат департаментінің директоры Мұқажанова А.М. болып табылады.

4.2. Оқу-әдістемелік семинарлардың кестесі мен тақырыптар тізімі Мектептің ұйымдастырушысы университеттің жетекші оқытушыларымен бірлесіп әзірлейді.

4.3. Қойылған мақсаттарға сәйкес, Кәсіби шеберлік мектебінің аясындағы сабақтар Мектептің жұмыс жоспарына сәйкес, бүкіл оқу жылы бойы алдын ала бекітілген тақырыптар мен ұйымдастырушылық уақытқа байланысты өткізіледі.

4.4. Кәсіби шеберлік мектебінің тыңдаушылар тобын бірнеше санаттағы оқытушылар құрайды: міндетті санат – жалпы педагогикалық өтілі бір жылдан аспайтын оқытушылар; қосымша санат – кәсіби деңгейін арттыруға ниетті оқытушылар.

Тыңдаушылар тізімі университеттің Ғылыми және оқу-әдістемелік кеңесінде (ҒжОӘК) бекітіледі.

4.5. Оқыту аяқталған соң тыңдаушыларға оқудан өткенін растайтын сертификат беріледі. Сертификат алу үшін міндетті шарт – барлық оқу-әдістемелік семинарларға қатысу. Сонымен қатар, қосымша санаттағы тыңдаушыларға өздерінің өзекті сұраныстарына сәйкес жекелеген семинарларға қатысу мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда оқытушыға нақты оқу-әдістемелік семинарға қатысқанын растайтын сертификат алуға құқық беріледі.

5. Кәсіби шеберлік мектебінің қаражаттары мен мүлкі

5.1. Кәсіби шеберлік мектебі ҚАЕУ-дің ағымдағы жылға арналған кірістер мен шығыстардың бюджеттік сметасында көзделген мөлшерде ҚАЕУ-дің қаражаттары мен мүлкін, сондай-ақ ҚАЕУ Жарғысына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаражат көздерін (демеушілік көмек) пайдаланады.

6. Кәсіби шеберлік мектебін қайта ұйымдастыру және тарату

6.1. Кәсіби шеберлік мектебін қайта ұйымдастыру және тарату ҚАЕУ Президентінің шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің заңнамалық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.